

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медидағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медидағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймуллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

Максүтова А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

Қазақ әйелі қашаннан – қайраткер. Ол тұтастай әулеттің жүрегі ғана емес, елінің тірегі де бола білген. Сондықтан да, халқымыз әйел затын байлығым деп таныған, жеті қазынаның біріне балаған, береке, ырыс-құт санаған. Орта ғасырда Батыс әлемі әйелді бәле-жаланың бастауы деп, инквизиция заманында отқа өртеп жүрген кезде ата-бабамыз қызын оң жағына отырғызып, үкілеп, тіл-көзден қорғап, әулетінің ары деп санаған.

«Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман» деген екен Қорқыт бабамыз. Ұлттың ғасырлар бойы сақталып қалуына ұйытқы болған, қазақтың бар рухани байлығын бойына жинаған да, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген де аналар. Өйткені, дана халқымыз адал ана, рухы таза ару ғана елім дейтін өр мінезді ұрпақты өмірге әкеліп, тәрбиелей алатынын жақсы білген.

Бүгінгі ақпараты селдей болып аққан, технологияның әсерінен «жартыкеш тіл иелмендері» көбейген, жастарымыз смартфоннан көзін аудармайтын жаңа дәуірде ұлттық құндылықтарымыз гигабайт, террабайттардың астында қалмауы үшін Сәуле Есембекқызының ғылыми еңбектері қазақ қыздарына интеллектуалды, рухани бастауларды ашуға көмектеседі деп ойлаймыз. Профессор Тапанованың кешегі қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнесіне, әйелдің қоғамдағы орнына арналған ізденістері әлі де өзектілігін азайтқан жоқ. Цифрлық әлемнің қазақтың руханият кеңістігіне төндіретін қауіптеріне қарсы тұрарлық ұлттық иммунитет те осындай ғылыми жұмыстардың негізінде жасалуы тиіс.

Қазақ поэзиясының төріне өр мінезімен найзағайдай жарқылмен кірген қайраткер апамыз Фариза Оңғарсынова өзінің өмірлік қағидасын, өмір философиясын:

«Жыр – менің планетам: бәрі осында

жиғаным, тергенім де,

сезінгенім, сүйгенім, сенгенім бе,

мінезім бе, болмыс па,

кермек үн бе – бәрі осында,

басқасы қалды құмда.

Міне, менің берерім бал ғұмырда,

жыр жаттаған қыздарға, барлық ұлға.

Менің барым, байлығым – осы, басқа

түгім де жоқ жасырған сандығымда», – деп бекітсе, профессор Тапанованың ғылыми, ұстаздық жолы, өмірлік миссиясын жан-жағына мейірім мен сәуле шашқан, шуағы мол өнегелік әрі даналық үлгілер деп айта аламыз. Жастық қайратын, білімі мен тәжірибесін, қуаты мен жігерін отбасына, ғылымға арнаған профессор Сәуле Есембекқызы Тапанованың өнегелі жолы осындай! Ұзағынан болсын деп тілейік!

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН СҮЙЕМЕЛДЕУГЕ БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘСЕРІ

Қадиша Шалғынбаева,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, оқытушы,
Айман Жұпархан,
«Педагогика және психология» мамандығының 1курс докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана, Қазақстан

Андатпа. Мақалада оқушылардың танымдық белсенділігіне бұқаралық коммуникация құралдарының тигізетін әсері қарастырылды. Осыған байланысты, зерттеу жүргізген педагог-психолог ғалымдардың еңбектеріне талдау жүргізіп, бұқаралық коммуникация құралдарының білім беру саласындағы мүмкіндіктерін қарастыру, сонымен қатар интернет ресурстарын пайдалана отырып, оқытуды ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға теориялық тұрғыдан мазмұндық сипаттама жасалды.

Түйінді сөздер: бұқаралық коммуникация, цифрлық сауаттылық танымдық іс - әрекет, танымдық белсенділік.

Қазіргі білім беру жүйесінің алдындағы міндеттер: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес жастардың терең білімі мен шығармашылық іс-әрекетке бейім, әлемдік бәсекеге қабілетті стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Өйткені, адамзат баласы аяқ басқан ХХІ ғасыр ғылым мен инновациялық технологиялардың, әлемдік білім беру кеңістігінің бірлесуі, техникалық және ақпараттық ағымдардың молдығы, бүгінгі күні, жаһандану дәуірі қалыптасқанын толық айғақтап отыр. Ақпараттық технологиялар әлеміндегі цифрлық сауаттылық өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану ақпаратты өңдеу, коммуникация және онлайн ортада бейімделу қабілетімізді анықтайды.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпыадамзаттық қазыналар, ғылым мен технологияның жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру мен дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалуы қажет» деп көрсетті [1].

Осыған орай қазіргі таңда бүкіләлемдік кеңістікті қамтыған бұқаралық коммуникацияның және цифрлық сауаттылықтың анықтамасына тоқталсақ.

Бұқаралық коммуникация - ақпараттық хабарды, білімдерді, рухани байлықтарды, моральдық және құқықтық нормаларды және тағыда сол сияқты техникалық құралдардың, баспасөздің, радионың, киноматографияның, теледидардың көмегімен саны көп аудиторияға тарату үрдісі [2].

Цифрлық сауаттылық – ақпаратты табу, бағалау, пайдалану және жасау үшін жеке тұлғаның цифрлық технологияларды, коммуникацияларды немесе желілерді пайдалану қабілеті. Цифрлық сауаттылық сонымен қатар жеке тұлғаның: цифрлық ортада тапсырмаларды тиімді орындауы мен алуан түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты бірнеше форматта түсіну және пайдалану қабілетін қамтиды [3].

Ақпараттандырудың мақсаты - ақпараттық технологияларды: компьютерлік және телекоммуникацияларды қолдану арқылы зияткерлік қызметті жаһандандыру. Бұл өз кезегінде оқушылардың танымдық белсенділігін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы сүйемелдеуге жол ашады.

Ақпараттық технологиялар мыналарды ұсынады:

- оқу процесінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұтымды ұйымдастыру;
- оқушының сенсорлық қабылдауының барлық түрлерін мультимедиялық контекстке қосып, интеллектіні жаңа концептуалды құралдармен жабдықтай отырып, оқытуды тиімді ету;
- әр адамға өзіндік білім беру жолын ұсынатын ашық білім беру жүйесін құру;
- әр түрлі қабілеттері мен оқу стилі бар балаларды белсенді оқыту санаттарына тарту;
- оқу процесін жекелендіруге және түбегейлі жаңа танымдық құралдарға бет бұруға мүмкіндік беретін компьютердің нақты қасиеттерін пайдалану;
- оқу процесінің барлық деңгейлерін жандандыру.

Қазіргі таңда педагог-психологтардың оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуі актуалды мәселе болып табылады. Себебі жеткіншектердің физиологиясы мен жас ерекшелік психологиясында өзгеріс жүретін кезеңде, олар педагог тарапынан оқу барысында танымдық белсенділіктерін сүйемелдеуді қажет етеді. Яғни бұл жеткіншектің оқу процесінен, бұқаралық коммуникация құралдарын белсенді қолдануы кезінде туындайтын мәселе болып табылады. Болашақ педагог - психологтарды оқушылардың танымдық қызығушылығы мен жоғары танымдық белсенділігін сүйемелдеуін жеке тұлғаның мақсатты дамуы және олардың материалды саналы түрде игеруі үшін пайдалану қажет.

Осы орайда, оқу процесіне заманауи БАҚ, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), әртүрлі оқыту технологияларын, компьютер мен ғаламторды қолдану, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятуға, білім беру және танымдық белсенділіктерін арттыруға көмектеседі. Осы бағытта зерттеу жұмысын жүргізе отырып, компьютерлік технологияны қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктерін жандандыруды және сол арқылы ақпараттық білімді орта мектеп пәндер курсымен біріктіруді ұсынамын. Мұндай интеграция бізге қазіргі қоғамның талаптарына бейімделіп, оқу барысына жаңа тәсілдер енгізуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін маңызды әдіснамалық принциптердің бірі —

компьютерлік технологияны дәстүрлі түрде үйлестіру. Сабақта АКТ қолдану мақсатқа сай және әдіснамалық негізде болуы керек. Ақпараттық технологияларға, егер олар оқытудың басқа әдістерімен салыстырғанда, оқу процесінің жоғары деңгейін қамтамасыз етсе ғана қол жеткізуге болады. Компьютер көрнекі құралдар мен модельдердің көп бөлігін алмастыра алады (кейде олар өте көлемді және қолайсыз, сонымен қатар оқу құралдарының саны бүкіл сыныпты қамтамасыз ету үшін әрдайым жеткіліксіз). Практикалық жұмысты ұйымдастыру кезінде компьютер тиімді көмекші болады. Үш өлшемді суреттермен жабдықталған электрондық оқулықтар кеңістіктік ойлауды дамытуға ықпал етеді. Компьютерлік модельдерді қолдану қиялды ұштауға және материалды жақсы игеруге ықпал етеді. Сабақтарда компьютерлік технологияларды жаңа материалды оқып-үйренуде, сабақта алған білім мен дағдыларды дамыту кезінде, семинар барысында, сонымен қатар білімді бақылау мен түзету кезінде қолдануға болады [4].

Осыған орай, заманауи білім беру жүйесінде мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту мәселелері педагогикалық ғылым мен практиканың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Белсенділік – адамның дамуында, оның жеке тұлғасының қалыптасуында жетекші рөл атқаратын шындықты бейнелеу мен өзгертудің қарқынды белсенді күйі. Оқушылардың білім, білік және жаңа дағдыларды игеру процесінде мұғалімнің тиімді әдісті қолдануы маңызды орын алады.

Психология мен педагогикада «танымдық іс-әрекет және белсенділік» түсінігінің көптеген түсіндірмелері бар, олардың кейбірін қарастырдым. Сөздік анықтамаға сәйкес, **танымдық іс - әрекет** бұл оқуға деген ұмтылыспен, психикалық күшпен және білімді меңгеру процесінде ерік - жігердің көрінісімен сипатталатын жеке адамның ақыл-ойының белсенділік жағдайы [5].

Жоғарыда айтылған пікірге сәйкес танымдық іс-әрекет тұжырымдамасын педагогикалық феномен ретінде тұжырымдауға және екі жақтан қарауға болады: оқушының өзін – өзі ұйымдастыру мен дербестік түрінде көріну процесі ретінде және оқушының танымдық іс-әрекетін қалыптастыру үшін мұғалім ұйымдастырған әрекеттер нәтижесінде [6].

«**Танымдық белсенділік**» түсінігі күрделі ұғымдарға жатады, ол «белсенділік» ұғымына қарағанда біршама тар. Танымдық белсенділік - бұл баланың білім алатын қажетті әдістерді, қабілеттер мен дағдыларды меңгеру процесі [7].

Әрине, танымдық белсенділікті арттыру процесі маңызды ғана емес, сонымен бірге қиын кезең. Я.А. Коменский – белсенді оқытуды алғашқы жақтаушылардың бірі, ол оқу процесін ұйымдастыру оқуға деген құштарлықты қалыптастыруға бағытталуы керек екенін дәлелдеді. Л.С. Выготский, Б.Г. Ананьева, П.Я. Гальперина және т.б авторлар танымдық белсенділікті арттыру мәселесіне өз назарын аударды. Белсендіру – «белсенділікті» күшейту дегенді білдіреді. Дәл танымдық белсенділікті дамыту арқасында мұғалім оқушыларды репродуктивті деңгейден оқу-танымдық іс-

әрекеттің шығармашылық деңгейіне өткізеді. Танымдық белсенділікті қалыптастырудың тиімді шарттары:

- оқу әрекетінің тиімді әдістері мен формаларын пайдалана отырып сабақты құру;

- «мұғалім-оқушы» қарым-қатынасы мен оқу іс-әрекетінің нәтижелері арасындағы байланыс; - материалды ассимиляциялау сапасы мен беріктігі;

- мектеп оқушыларының білім беру дағдыларының деңгейін көтерудің проблемалық оқыту әдістерін қолдануға тәуелділігі.

Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеу үшін, бүгінгі таңда жаңа оқыту технологиялары (компьютерлік, презентациялық, ойын), коммуникация әдістері (әлеуметтік желілер), электронды оқу құралдары (PDF, DOC, EPUB, FB2, POWER POINT) танымдық іс – әрекетті белсендіруге мүмкіндік береді. Оқытудың белсенді әдістері танымдық белсенділік деңгейін барынша арттыруға көмектеседі, мұндай әдістер балаларды ынтамен оқуға ынталандырады. Білім беру жүйесінде оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту үшін бірнеше заманауи инновациялық технологиялар (дидактикалық материалдар, рөлдік ойындар, АКТ) жиі қолданылады [8].

Оқыту процесінде оқушылардың танымын арттыру үшін:

- ақпараттық технологияны (интерактивті тақта) қолдану динамизмді, көріністі, ақпараттың жоғарырақ деңгейі мен көлемін қамтамасыз етеді;
- егер сабақта жаңа материалды оқушылармен талқылау қажеттілігі туындаса, компьютерлік презентацияны қолдана отырып әңгіме түрінде аралас сабақ өткізу;
- презентация процесті көрнекі, айқын етуге мүмкіндік береді, білімді жүйелеуге, білімді сәтті игеруге ықпал етеді. Презентация слайдтарына сабақта материалды оқу дәйектілігіне сәйкес қажетті формулаларды, схемаларды орналастыру.

Сонымен қатар сабаққа слайдтар дайындау барысында компьютерді, электронды оқулықтарды, жана ақпараттық технологияларды, ғаламтордағы ақпараттарды кеңінен қолдану өте тиімді. Себебі, сабақтарда компьютерлерді қолдану материалды жоғары дәрежеде игеруге ықпал етеді, пәнге деген танымдық қызығушылықтың артуына, оқуға деген ынтасы мен қабілетінің дамуына оң әсер етеді, оқуға жеке көзқарас жасауға және оқушылардың білімін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Оқу процесінде АКТ - ны қолдану «әлсіз» оқушылардың да сабақтарда белсенді жұмыс істейтіндігін көрсетеді.

Әлеуметтік желілерді педагогикалық қарым - қатынасты жақсарту, интерактивті оқытуды ұйымдастыруды жеңілдету, болашақ педагогтар мен білім алушылар арасындағы қарым - қатынасты нығайту үшін пайдалануға болады:

- мобильді технологиялар (смартфондар, планшеттер және т.б.) – педагогтар мен білім алушыларға кез келген уақытта және кез келген жерде оқудың икемді тәсілін ұсынатын, сондай-ақ формальды және бейресми оқыту арасындағы байланысты қамтамасыз ететін құрылғылар;

- интернет заттары – компьютерлер мен смартфондардан басқа күнделікті заттарға енгізілген есептеуіш құрылғылардың желісі, олар Интернет арқылы деректерді жіберуге және алуға мүмкіндік береді;

- этика және жеке өмірді қорғау (киберқауіпсіздік).

АКТ инновациялары білім мен адамзатқа қызмет көрсетуде дамып, қолданылуы үшін білім беруде АКТ - ны пайдаланудың құндылық көзқарасы қажет. Оқытушылар мен оқушыларға өздерінің жеке деректерін жақсырақ бақылауға мүмкіндік беру үшін деректерді қорғау және дағдылар туралы білім беру қажет [9].

Қорыта айтқанда, мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарын пайдалану, қазіргі педагогикалық ғылым мен практиканың өзекті мәселелерін шешуге оң әсерін беретіндігі айқындалды. Оған дәлел, ақпараттық технологиялар: оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін, олардың жаңа білімді өз бетінше игеру қабілетін және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу қабілетін дамытады. Танымдық белсенділіктің дамуы мұғалімнің оқу қызметін жаңаша түрде ұйымдастыруын, әртүрлі заманауи оқыту технологиялары мен ақпараттық технологияларды қажет ететіндігі қарастырылды. Мектепте сабақ барысында оқушылардың дербестігін, ойлау қабілетін, танымдық белсенділігін дамыту мақсатында қолайлы инновациялық технологияны таңдай білу керек деген тұжырым жасауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2023 жылғы 11 қыркүйектегі жаңартулармен.

2 https://kk.wikipedia.org/wiki/Басты_бет

3 UNESCO ICT Competency Framework for Teachers. VERSION 3. – Text: electronic. - Digital library UNESCO: official site. -2019. URL: <http://ru.unesco.kz/unesco-ict-competency-framework-for-teachers-version-3>

4 Mayera D., Sodian B., Koerber S., Schippert K. Scientific reasoning in elementary school children: Assessment and relations with cognitive abilities. 2014. P. 43 – 55

5 Бутер Н.К. Индивидуальный образовательный маршрут в изучении предмета как средство формирования и развития универсальных учебных действий // Пермский педагогический журнал. № 9. С.5. 2018.

6 Доронина Н.Н., Чернова О.А. Познавательная активность детей младшего школьного возраста // Молодой ученый. №4. С. 176-178. 2018.

7 Волостникова А.Г. Познавательные интересы и их роль в формировании личности. М.: Академия, С. 134. 2009.

8 Буланова –Топоркова М.В., Духавнева А.В., Кукушкин В.С., Сучков Г.В. Педагогические технологии: Учебное пособие для студентов педагогических специальностей.- Ростов-на-Дону, С.24. 2004.

9 А.А. Калюжный «III Калюжный оқулары: педагогикалық ғылым мен практиканың консолидациясы жаңа буын мамандарын даярлаудың негізі ретінде» халықаралық ғылыми – практикалық конференциясы, 364 б, 18 ақпан, 2022 ж

ҒЫЛЫМ ШЫҢЫНДАҒЫ ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ

Мұратбек Тоқтағазин,

филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры,
Астана, Қазақстан,

БІР АДАМ БОЛАДЫ: айналасындағы адамдарға сәуле шашып, позитивті көңіл-күйде жүру арқылы маңайындағылардың да жан дүниесін марқайтатын.

БІР АДАМ БОЛАДЫ: басқа адам яки әріптесі әлдебір мәселеде қалың ойға беріліп кетсе, бірден сезе қойып, көмек қолын созуға дайын тұратын.

БІР АДАМ БОЛАДЫ: қолына бір істі алса аяғына дейін жеткізіп, алға қойған арман-мақсатының шыңына шығатын.

Санамалай берсең бойына асыл қасиеттерді жинаған ақ жүректі, пәк ниетті жандар күнделікті өмірімізде қасымызда жүр. Тек оны көре біліп, сол жандардың ой-түйсік әлеміне назар аудару деген бар.

Көңіл көкжиегіндегі бұл ойларды сана сүзгісінен өткізіп отырғаным, көптен бері ойымда жүрген бір әріптесім туралы шағын лебізімді білдіру ниетінен туындаған еді. Күнделікті сапырылысқан тірлік жетегінде жүріп, кейде бір-бірімізге жылы сөз айтуға да мұрша бола бермейтіні де жасырын сыр емес қой. Ал белгілі бір белес биігіне көтерілген жақсы жан туралы ақтарыла айтқың келіп тұрады.

Әңгімені әріден бастап отырғандағы мақсатым – әріптес апайым Сәуле Есембекқызы туралы көптен көкейде жүрген ой-пікірлерімді ортаға салу еді. Былай алып қарасаң айтылар сөз, тілек-ниет көп-ақ. Бір қызығы, неден бастарыңды білмей дағдарып қалатын сезім болады екен. Жетпістің жотасына әдемі шыққан жанның өмірдегі, ғылымдағы бағындырған шындары жетіп-артылады. Ол кісіне жаппай мақтап, қызыл сөзді судай сапырудың қажеті жоқ.

Біріншіден, ол өзінің бағасын жақсы біледі.

Екіншіден, қызметтестері, алыс-жақындағы таныс, туыстары тарапынан ол кісі туралы нық қалыптасқан ПҚІР-БАҒАЛАР бар. Ал сондай аяулы жан хақында сөз маржандарын тізбелеу де оңай-оспақ шаруа емес екен. Қатты